

№182 орта мектеп

Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№182 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы №2 Педагогикалық кеңес
Хаттамасы

Басықара ауылы

Қазан 2023 жыл

31.10.2023 жылы №182 орта мектепте өткізілетін №2 педагогикалық

кеңестің

Күн тәртібі:

1. 2023-24 оқу жылының I оқу тоқсанындағы оқушылар үлгерімі мен білім сапасының талдауы.
2. «Kundelik.kz» электрондық журналының толтыру жұмыстарының сапасы.
3. «Үздік куәлік», «Ерекше аттестат», «Алтын белгіге» үміткер оқушыларды ұсыну туралы
4. Таратуга ұсынылатын озық педагогикалық тәжірибені талқылау, шешімдер шығару туралы.
5. Мектепшілік бақылау бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы.
6. Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ) өткізу туралы

Хабарламашылар: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары-Т.Нұрмаханов.

2. 2023 – 2024 оқу жылындағы бейінді-бағдарлы оқыту бойынша 1 – 11 сыныптар аралығында атқарылған жұмыстар туралы

*Хабарламашы: Директордың бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары-
А.Ағыбай.*

3. Мектептің психологиялық ахуалы, оқушылар арасындағы суицидтің алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар туралы

Хабарламашы: Мектеп психологы – С.Айғабыл

4. Тегін тамақ ұйымдастыру жұмыстарына, тамақтың сапасына жүргізілген бақылау жұмысы туралы

Хабарламашы: Әлеуметтік педагог –Р.Кемалова

5. Ағымдағы мәселелер.

Хабарламашы: Мектеп директоры – Г.Бақытбергенов

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «2023-24 оқу жылының I оқу тоқсанындағы оқушылар үлгерімі мен білім сапасының талдауы, «Kundelik.kz» электрондық журналының толтыру жұмыстарының сапасы, «Үздік куәлігі», «Ерекше аттестат», «Алтын белгіге» үміткер оқушыларды ұсыну, таратуға ұсынылатын озық педагогикалық тәжірибені талқылау, шешімдер шығару, мектепшілік бақылау бойынша атқарылып жатқан жұмыстар және Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ) өткізу туралы» мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Нұрмаханов хабарлама жасады.

	1a	1б	2	3	4
Оқушы саны	17/10	17/8	12/4	18/10	27/18
Үздіктер			4/3	6/4	10/8
Екпінділер			5/1	7/3	7/6
Білім сапасы(%)			75	72	62,9
Динамика (+,-)					

	5a	5б	6	7	8	9a	9б
Оқушы саны	16/6	15/7	17/7	25/11	17/8	16/7	16/9
Үздіктер	4/3	4/3	3/2	4/4	4/3	4/1	3/3
Екпінділер	6/3	6/2	9/5	11/3	5/4	6/4	7/5
Білім сапасы (%)	62,5	67	71	60	53	62,5	62,5
Динамика (+,-)							

	10	11
Оқушы саны	8/3	18/7
Үздіктер	2/2	3/2
Екпінділер	2/1	3/3
Білім сапасы	50	33
Динамика (+,-)		

Барлық оқушы саны – 239

Үздіктер – 51

Екпінділер – 74

I тоқсан бойынша білім сапасы – **52,3%**

2023-2024 оқу жылы бойынша 9 сыныпқа дейін және 9 сыныптың I тоқсанының қорытындысы бойынша “Үздік аттестатқа” үміткерлер

1. Қуандық Жанаділ
2. Бекжан Оңталап
3. Қожабек Нұрсат
4. Темірбек Қымбат

5. Жәдігер Сандұғаш
6. Темірғали Құрмет
7. Хамза Зайна

2023-2024 оқу жылы бойынша 11 сыныпқа дейін және 11 сыныптың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша “Алтын белгі” белгісіне үміткерлер

1. Гүлдәуренұлы Ибраһим
2. Дәулет Самал
3. Асылбек Ақбота

Мектепшілік бақылау бойынша атқарылған жұмыстар

Өткен оқу тоқсанының 20 қыркүйегі мен 18 қазан аралығында 5-сыныптардың сабақтарына бақылау жүргізілді. Салыстырмалы кестесін сіздерге ұсынғым келіп отыр.

4а сынып. Жылдық білім сапасы

Исмайлова Л

Білім сапасы – 73,3%
 Үздік/екпінді – 3/11
 Математика – 80%
 Қазақ тілі – 80%
 Әдебиет – 80%
 Дүниетану – 80%
 Ағылшын – 80%
 Орыс тілі – 80%
 Жаратылыстану – 80%

5а сынып. Жылдық білім сапасы

Асанов Е

Білім сапасы – 62,5% (10,8%)
 Үздік/екпінді – 4/6 (4)
 Математика – 81,2%
 Қазақ тілі – 62,5% (17,5%)
 Әдебиет – 62,5% (17,5%)
 Тарих – 81,2%
 Ағылшын – 81,5%
 Орыс тілі – 81,2%
 Жаратылыстану – 87,5%

4 б сынып. Жылдық білім сапасы

Прманова Г

Білім сапасы – 80%
 Үздік/екпінді – 6/6
 Математика – 86%
 Қазақ тілі – 86%
 Әдебиет – 86%
 Дүниетану – 86%
 Ағылшын – 80%
 Орыс тілі – 86%
 Жаратылыстану – 80%

5 а сынып. Жылдық білім сапасы

Кенжебаева А

Білім сапасы – 67% (13%)
 Үздік/екпінді – 10 (2)
 Математика – 80%
 Қазақ тілі – 80%
 Әдебиет – 73%
 Тарих – 87%
 Ағылшын – 73%
 Орыс тілі – 87%
 Жаратылыстану – 80%

«Kundelik.kz» электрондық журналының жүргізілуі бір жүйеге түскен. Күнделікті сабақты және бағаны уақытылы толтыру бойынша әлі де кателіктер

бар. БЖБ алғаннан кейін 2 апта өткеннен соң алған балын түсірменген әріптестер бар. Бұл қателік жөнінде тиісті пән мұғалімдеріне ескерту жасалды.

1 оқу тоқсаны бойынша 7 сыныптың қазақ тілі және 9 “Б” сыныптың қазақ тілі пәндеріне ТЖБ бойынша жоғары балдарының қате қойылуына байланысты өзгертулер енгізген пән мұғалімдерінен түсінік алынып, тиісті шаралары көрілді.

2024 жылы өткізілетін ББЖМ

Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Осы Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-бабына сәйкес әзірленді және бастауыш және негізгі орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру деңгейінде білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу тәртібін айқындайды.

2-тарау. Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу тәртібі

8. ББЖМ 4-сыныптарда тестілеу нысанында электрондық форматта, оқыту тілінде үш бағыт (оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық) бойынша жүргізіледі.

8. ББЖМ 9-сыныптарда тестілеу нысанында электрондық форматта, оқыту тілінде екі бағыт (математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық) бойынша, үш тілде (орыс, қазақ және ағылшын) бір бағыт (оқу сауаттылығы) бойынша жүргізіледі.

4-сыныпта:

Оқу сауаттылығы:

Бір дұрыс жауабы бар 10 тест тапсырмасы (бірінші мәтінге – 4 тапсырма, екінші мәтінге – 6 тапсырма)

Математикалық сауаттылық:

Бір дұрыс жауабы бар 12 тест тапсырмасы

Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы:

Бір дұрыс жауабы бар 5 тест тапсырмасы және мәнмәтінге қарай 3 тапсырма; барлығы – 8 тест тапсырмасы

Тестті орындау уақыты – 75 минут (1 сағат 15 минут)

Максималды балл – 30.

9-сыныпта:

Оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) - 10 тест тапсырмасы, барлығы 30 тест тапсырмасы беріледі.

Математикалық сауаттылық – 13 тест тапсырмасы.

Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы (физика, химия, биология, география) – әр пән бойынша 2 контекст негізінде 8 тест тапсырмасы, барлығы 32 тест тапсырмасы беріледі.

Тест тапсырмаларының формасы – бір дұрыс жауапты таңдауға арналған.

Тестті орындау уақыты – 150 минут (2 сағат 30 минут)

Максималды балл – 75.

Ұсыныс:

- 1 сынып оқушылары бірінші жартыжылдық аяқталған соң «Әліппені» толық оқып аяқтайды. Сол себепті 1сыныпқа 2024 жылдың қаңтар айының соңғы онкүндігінде тақырыптық бақылау (әріптердің басын қосып оқу) жүргізу;

- ББЖМ бақылауына қатысатын 4, 9 сынып оқушыларына сабақ беретін пән мұғалімдерін жүйелі түрде аптасына 1 рет дайындық жүргізуге, оқушыларды психологиялық тұрғыда дайындауға арнайы жұмыс жоспарын 2023 жылдың 3 қарашасына дейін бекітуге;

- ББЖМ бақылауына қатысатын 4,9 сынып оқушыларын компьютерлік дайындығын күшейту үшін информатика пәнінің мұғалімі Б.Жеткербаева, физика-информатика пәнінің мұғалімі Г.Балманова дайындық жоспарын бекітуге;

Күн тәртібіндегі екінші мәселе «2023 – 2024 оқу жылындағы бейінді-бағдарлы оқыту бойынша 1 – 11 сыныптар аралығында атқарылған жұмыстар туралы» мектеп директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары А.Ағыбай хабарлама жасады.

2023-2024 оқу жылындағы бейінді оқыту бойынша 1-11-сыныптар аралығында атқарылған жұмыстар

Мектепте бейінді оқытудың мақсаты ретінде мектеп әкімшілігі оқуды тараландыру арқылы жеке білім беру бағдарламаларын құру, оқушыларды сәтті әлеуметтендіру, жеке пәндерді тереңдетіп оқыту мақсаттарын шешті. Сондай-ақ,

оқушылардың қызығушылық бағытын, қабілетін, келешекте ие болуға тиісті мамандыққа бейімделуін қанағаттандыру, жеке тұлғаға бағыттау міндеттері белгіленген. 2023-2024 оқу жылында 1-11 сыныптарда жалпы орта білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары басшылыққа алынды. 10-11 сыныптарда оқыту бір бағыт жаратылыстану-математикалық (математикалық бағдар) бойынша оқытылады. Мектеп бірнеше жылдан бері жаратылыстану – математикалық бағытын таңдау себебі:

а) Мектептің әдістемелік отырысында арнайы бағдарламалар қаралып, бекітіліп, әдістемелік материалдар жинақталған

10-сыныптардың оқушыларын және ата-аналарының сұранысы есепке алынды
Педагог кадрлардың сапалық деңгейі ескерілді

10-11-сыныптарда бағдарлы пәндер бойынша оқушылардың білімін тереңдетуге, кеңітуге және олардың қандай-да қолданылуы жайлы оқушыларда білім қалыптастыруға арналған қолданбалы курстар мен оқушылардың талап-тілегін, қызығушылығын қанағаттандыруға арналған таңдау курстары ұйымдастырылды.

10-сынып оқушыларына жаратылыстану-математика бағыты бойынша келесідегідей қолданбалы курстары енгізілді: «Туризм географиясы», «Кәсіпкерлік және бизнес». 11-сыныпқа арналған «Қоршаған ортаның физикалық ластануы», «Кәсіпкерлік және бизнес», «Алаш идеясы және Алашорда қозғалысы» атты курстар енгізілді. Қолданбалы курстардың талапқа сай өткізілуі әкімішіліктің назарында.

Пән мұғалімдері оқушылардың әлеуметтенуіне мүмкіндік жасап, мектеп түлектерінің жоғарғы кәсіптік оқу орындарының бағдарламасын игерулері үшін олардың өз бетімен білім алуына және олардың тұлға ретінде дамуларына жағдай туғыза білді. Жеке дара бейініне және қажеттілігіне қарай білім берудің әртүрлі деңгейде жүйесін қалыптастыру және кәсіптік бейінділіктерін анықтау жұмыстарына орай мектеп психологі бастауыш сынып және 5,6 7, 8, 9, 10, 11-сынып оқушыларының кәсіптік бейінділіктерін анықтау бойынша жұмыс жасады. Зерттеуін Дж.Голланд және Климов әдістемесі бойынша жүргізді. Оқушының типологиясына қарай сынып жетекшісімен бірлесе отырып зерттелген оқушыға болашақта қандай мамандықтың несі болуы мүмкін екені айтылды. Яғни, икемділігіне қарай оқушының мамандық таңдауға бағыт берудің бастапқы міндетін шешті. Бағдарлы сыныптар оқушылардың негізгі назарын болашақ кәсіби білімінің таңдалып алынған бағдарының негізін құрайтын пәндерді оқуға мүмкіндік беретіні ескерілді.

1. 10-11-сынып оқушылары өз өтініштеріне сәйкес жаратылыстану-математикалық бағытын таңдады, сабақ кестесі жасалып ілінді.
2. 9,10,11-сынып оқушылары толық оқулықпен қамтылды. Мектеп кітапханашысы мен сынып жетекшілері берілген оқулықтарды нөмірлеп, сынып тізіміне енгізді.
3. Қолданбалы, элективті курстар бойынша оқушылардың өтініштері есепке алынды.
4. 9,11-сынып оқушыларының жоғары және арнаулы орта оқу орнына түскендер мен жұмысқа орналасқандардың есебі алынып, орналасу кестесі жасалды.

5. Пән мұғалімдері оқушылардың өтініштеріне сәйкес қолданбалы және элективті курстардың бағдарламаларының жоспарын жасап, әдістемелік кеңесте талқыланып, курс жоспарлары бекітілді.
6. 5-сынып оқушыларының пәнге бейімділігін, икемділігін анықтау мақсатында мектеп психологі сауалнама жүргізді. Сауалнама сұрақтары сұрыпталып құрылды.
7. Бейінді оқытуда Е.А. Климовтың әдісі бойынша оқушылардың кәсіптік типін анықтап, сараптама жасалды.
8. Кәсіби ой-ниетін анықтау мақсатында тест алынып, сараптама жасалды.
9. 9-10-сынып оқушыларына мамандық таңдауға байланысты кеңес берілді және мамандықтар тізімімен таныстырылды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Мектептің психологиялық ахуалы, оқушылар арасындағы суицидтің алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар туралы» мектеп психологы С.Айғабыл хабарлама жасады.

Мектептегі психологиялық қызмет өз іс – әрекетін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары туралы конвенциясы, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және осы Қағидалар шеңберінде жүзеге асырады.

Ұйымдастырушылық – әдістемелік жоспарда мектептегі педагог-психологтың іс-әрекеті бекітілген жылдық жоспар мен лауазымдық міндеттеріне сай, нақты жалпы лицейішілік жоспарды ескере отырып, оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес құрылды.

Педагог-психологтың жұмысының негізгі мақсаты болып, оқушылардың психикалық денсаулығын сақтау; білім беру мекемесінде жағымды әлеуметтік-психологиялық климатты қалыптастыру, жас мамандарға қолдау көрсету және оқушылармен олардың ата-аналарына және педагогикалық құрамға психологиялық қолдау көрсету.

2023-2024 оқу жылында педагогикалық-психологиялық қызметте жоспар бойынша жұмыс жасалды.

Балалармен ақпан, сәуір және мамыр, айларында балаларды диагностикалап қыркүйек, қазан айлары аралығында коррекциялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Кеңес беру қызметі қажет етілген уақытта берілді. Ағартушылық жұмыс айлық жоспар негізінде жұмыстар жүргізілді.

Психологиялық қызмет құжаттары дайындалып бекітілді. Бұйрықтар бекітіліп қол қойылды.

Жылдық жоспар, айлық, апталық жоспарлар бекітілді.

Үйден оқитын оқушылар және бақылау тобындағы оқушыларғы журналдар арналып, бұйрықтар шығарылды.

Ата-ана өтініші алынып, жеке және топтық жұмыстар жүргізілді, ата-анамен тығыз байланыс орнады.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің мақсаты:

Білім беру барысында балалардың дамуы үшін психологиялық көмек көрсету арқылы, балалардың жеке тұлға ретінде қалыптасып, дамуына ықпал жасау.

Міндеттері:

1. Балалардың жасерекшеліктері мен жеке дамуын ескеріп, әр балаға сай психологиялық тұрғыдан жағдай жасау;
2. Білім беру саласында әр балаға дер кезінде психологиялық көмек көрсету және алдын-алу жұмыстарын жүргізу;
3. Педагог кадрлар мен ата-аналарға психологиялық көмек беру арқылы психологиялық білімдерін кеңейту.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

1. Психодиагностикалық жұмыс
2. Коррекциялық түзету-дамыту жұмыстары
3. Ағартушылық жұмыс
4. Кеңес беру жұмысы
5. Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс

Педагогикалық-психологиялық қызметтің диагностика бағыты бойынша келесідей жұмыстар атқарылды:

Педагог-психолог жұмысының негізгі бағыты болып келесі *тәжірибелік міндеттер* анықталды:

- ☐ оқушылардың тұлғалық және интеллектуалды дамуына, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуды қалыптастыруға ықпал ету;
- ☐ оқушыларға сәтті әлеуметтенуіне ықпал ету, психологиялық көмек қолын созу;
- ☐ әр оқушыға оның психолого-педагогикалық тұлғасын зерттеу негізінде жеке көзқарас;
- ☐ білім беру үрдісіне қатысушылармен психодиагностикалық қызметті іске асыру;
- ☐ оқушылардың мәселелері мен психологиялық қиын жағдайды шешу бойынша, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында психокоррекциялық жұмысты іске асыру;
- ☐ ата-аналар мен педагогтарға психологиялық мәселелерді шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда кеңес беру; ата-аналармен және оқушылардың сынып жетекшілерімен үнемі үздіксіз байланыста болу.
- ☐ педагогтардың психолого-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Оқушыларды психолого-педагогикалық қолдау жүйесін іске асыруда білім беру үрдісінің барлық субъектілері: оқушылар, сынып жетекшілер, пән мұғалімдері, педагог-психолог, мектеп әкімшілігі, мектеп инспекторы, медициналық қызметкер, әсіресе ата-аналар жұмылдырылды.

Лицейдің психологиялық қызметі дәстүрлі түрде келесі бағыттар бойынша құрылды:

- психолого-педагогикалық диагностика;
- психолого-педагогикалық кеңес беру;
- Ағарту және алдын алу қызметі;
- коррекционды-дамыту жұмысы;
- Әдістемелік-ұйымдастыру жұмысы

Қыркүйек айы. I сынып оқушыларынан «Алақай! Мен оқушымын», «Кел танысайық» тақырыбында тренинг өткізілді.

1 сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейі тексерілді. Оқушылардың мектептегі оқуға дайындық деңгейін бақылау үшін «Керн-Йерасек» тесті алынды

«Керн-Йерасек» тесті 3 тапсырмадан тұрады:

- Есте сақтау-қабылетін тексеру үшін ер адамның тұлғасын салу;
- Жазба әріптерін көшіру үшін;
- Нүктелер тобын салу;

«Менің сыныбым» әдістемесі

Суретте сендердің сыныптарың көрсетілген. Осы суреттегі оқушылар ішінен өзінді тауып ал да, атыңды жаз. Содан соң суреттен өзіңнің досыңды тап та, атын жаз.

Нұсқау: «Балалар! Суретте сендердің сыныптарың көрсетілген. Ортаңғы орындықта апайың (мұғалім)

отыр, апайдың айналасындағы оқушылар өздерінің жұмыстарымен шұғылдануда.

Ал, қалған балалар ауланың сыртында ойын ойнауда. Осы суреттегі оқушылардың ішінен өзінді тауып алып белгілеп, жанына өзінің аты-жөнін жаз. Өзінді белгілеп болған соң суреттен өзіңнің досыңды тап та жанына аты-жөнін жаз».



5 сынып оқушыларынан «Менің сыныбым әдістемесі», «Социометрия» әдісі , «Оқу мотивациясын » анықтау диагностика тесті

Мақсаты: 5-ші сынып оқушыларына психологиялық көмек беру

Міндеттері: 1.Оқу мативациясының тұрақтылығын қалыптастыру

2. Балаларға өзін-өзі сенімді ұстауға және қорқыныш сезімдерін төмендету.

3. Ортамен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

Оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға көшкен кезеңін бейімделу кезеңі дейміз. Жылдан жылға оқушылардың бастауыш сыныптан орта бейімделу кезеңі өзекті мәселе болып туындайды. Олар қайтадан жаңа әлеуметтік жағдайға үйренеді, жаңа сынып жетекшісі, пән мұғалімдері, жаңа пән. Оқу жағдайының өзгеруіні ғана емес, сонымен бірге 10-11 жастағы балалардың жас ерекшеліктерін және қажеттіліктерін де есепке алу өте маңызды. Сол себепті,

оқушылардың дезадаптациялық жағдайларын анықтау мақсатында диагностика жүргізілді, бейімделу кезеңінде оқушылармен психологиялық көмек ретінде жұмыстар жүргізілді.

Талдау нәтижесі:

1. «Мұғалімнен алыста» позициясында тұрған болса – баланың сынып ұжымына бейімделуінде қиындықтардың бар екенін көрсетеді.
2. Өзге балалармен өзін теңестіру, жұп болып тұруы, ойыншылармен бірге – баланың бейімделуі жақсы деңгейде.
3. Мұғаліммен бірге: бала үшін мұғалімнің маңыздылығы ерекше екендігі.
4. Ойын позициясы: оқу позициясымен сәйкес келмейді.

Қазан айы. Жасөспірімдердің психологиялық саулығын бағалау мақсатында 7-11 сынып оқушылар арасында DASS шкаласы тесті алынды.

DASS-тің негізгі мақсаты - эмоционалды бұзылыстың аспектілерін оқшаулау және анықтау; мысалы, депрессия, мазасыздық немесе стресстің негізгі белгілерінің ауырлық дәрежесін бағалау. Масштабты салудың алғашқы мақсаттары депрессия мен мазасыздықтың негізгі белгілерінің барлық спектрін анықтау, қатаң стандарттарға сай болу болды. психометриялық адекватты және депрессияның мазасыздық шкаласы арасындағы максималды кемсітушілікті дамытады.

<u>Өткен аптада ...</u>	<i>Мүлде маған қатысты емес</i>	<i>Белгілі бір дәрежеде немесе бір кездері маған қатысты болған</i>	<i>Біршама дәрежеде немесе біршама уақыт бойы маған қатысты болған</i>	<i>Толығымен немесе көп уақыт бойы маған қатысты болған</i>	<i>Мүлде маған қатысты емес</i>
1. Маған алаңдаушылықтан арылу қиын болды	0	1	2	3	0
2. Мен тамағымның кеберсігенін сезіндім	0	1	2	3	0
3. Мен мүлде ешбір жағымды сезімдер сезінбедім	0	1	2	3	0
4. Мен тыныс алуымның қиындағанын сезіндім (мысалы, аса жылдам тыныс алу, физикалық күш түспесе де енгізу)	0	1	2	3	0
5. Маған өзімді бірдеңе істетуге мәжбүрлеу қиын болды	0	1	2	3	0
6. Мен орын алған жағдайларға тым қатты әсер етуге бейім болдым	0	1	2	3	0
7. Мен дірілді сезіндім (мысалы, колдарымның)	0	1	2	3	0
8. Мен жүйкем тозғыш екенін (жүйке қуатымды кетіретінімді) сезіндім	0	1	2	3	0
9. Өзімді дүрліктірген және ақымақ	0	1	2	3	0

ұстанатын жағдайлар мені мазалады.					
10. Мен балаңнан күтер үмітім жоқ екенін сезіндім	0	1	2	3	0
11. Мен өріп бара жатқан мазасыздықты сезіндім	0	1	2	3	0
12. Маған бойымды еркін ұстау қиын болды	0	1	2	3	0
13. Мен жігерімнің әлсіреуін, мұңды және жабырқаңқы көңіл-күйді сезіндім	0	1	2	3	0
14. Мен қолға алған ісіме кедергі жасағанның бәріне төзімсіздікпен қаралым	0	1	2	3	0
15. Мен байбалам салуға жақын екенімді сезіндім	0	1	2	3	0
16. Мен ешбір іске ынта қоятындай күйде болмадым	0	1	2	3	0
17. Мен өзімнің жеке тұлға ретінде ешбір құным жоқ екенін сезіндім	0	1	2	3	0
18. Мен аса өкпешіл болғанымды сезіндім	0	1	2	3	0
19. Мен денеме ешқандай күш түспесе де, жүрегімді сезінетінімді байқадым (мысалы, күшейіп келе жатқан жүрек қағысы немесе жүректің соғылмауын сезіну)	0	1	2	3	0
20. Мен негізсіз қорқынышты сезіндім	0	1	2	3	0
21. Мен өмірдің мағынасыз екенін сезіндім	0	1	2	3	0

ТАҢДАЛҒАН ШЕКТІ МӘНДЕРДІҢ ЖИЫНТЫҒЫ

БАҒАЛАУ НЫСАНЫ	ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ҚҰРАЛ	СҰРАҚ НӨМІРІ	ШЕКТЕСІНДІЛЕР БОЙЫНША ҰПАЙЛАР
Депрессия	Депрессия, үрей және стрессті бағалау шәкілі (DASS*)	DASS	Жауаптар қосындысы 3, 5, 10, 13, 16, 17, 21 ≥ 11
Үрей	Депрессия, үрей және стрессті бағалау шәкілі (DASS*)	DASS	Жауаптар қосындысы 2, 4, 7, 9, 15, 19, 20 ≥ 8
Стресс	Депрессия, үрей және стрессті бағалау шәкілі (DASS*)	DASS	Жауаптар қосындысы 1, 6, 8, 11, 12, 14, 18 ≥ 13

«DASS шкаласы» сауалнамасының жауап парағы

Оқушының аты-жөні:

Сыныбы:

Күні:

1	6	8	11	12	14	18
2	4	7	9	15	19	20
3	5	10	13	16	17	21

Әдістеменің атауы: “НСВ 10” тесті

Сыныбы: 5-6 сыныптар

Мақсаты: суицидалды мінез-құлықты ескерту және алдын алу

Нұсқаулық: Берілген сөз тіркестері аяқталмаған ой. Сөз тіркесін жалғастыру кезінде дұрыс не бұрыс жауап болмайтындығын есіңнен шығарма.

№ Сөйлемді жалғастыр

- 1 Ешкім _____
- 2 Бәрі қарсы _____
- 3 Жоқ _____
- 4 Мен _____
- 5 Маған ұямайды _____
- 6 Ешқашан _____
- 7 Әрқашан _____
- 8 Бәрі _____
- 9 Бұл _____

Сөйлемді жалғастыр, айтылғанды қайталау міндетті емес.

- 1 Көбісі мені _____
- 2 Бәрі маған _____
- 3 Күш бар _____
- 4 Мен көбіне _____
- 5 Маған _____
- 6 Жиі _____
- 7 Үнемі _____
- 8 Бәрі _____
- 9 Бұл _____

Өзіңіздің қалауыңыз бойынша жазыңыз.

- 1 Мені мезі етті _____
- 2 Маған қиын болған кезде мен _____
- 3 Мен қаламаймын _____
- 4 Менің өмірім - _____
- 5 Менің көңіл-күйім _____
- 6 Менің шыдамым _____
- 7 Менің алдымда _____

НСВ-10» тестінің қорытындысын өңдеу.

Өз еркімен аяқталған сөйлемдер аутодеструктивті ойдың бар-жоқтығын анықтау мақсатында талданады. Сөйлемде үш не одан да көп аутодеструктивті ойдың болуы, респонденттің суицидке ойы барын және жете зерттеуді, соған сәйкес, тәрбие жұмыстарын, түзету мен бақылауды қажет ететіндігін көрсетеді.

Суицидалды күй анықталса диагностикалық шешім мен басқа әдістермен тексеру аясында басқа мамандармен кеңес жүргізу ұсынылады. Талдау жүргізу

үшін суицидалды пікірлердің үлгілері ұсынылады. Экспериментатор зерттелушінің тест тапсырмаларын орындауы мен 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11 мысалдардағы суицидті жауаптардың нұскаларының үлгілерін салыстыра алады. Зерттелушінің жауаптары мен ұсынылған мысалдардағы жауаптардың сәйкестігі (үштен аса) байқалған жағдайда, тексеру кезеңінде суицидалды күй байқалғандығы туралы алдын ала диагностикалық қорытынды белгіленеді.

Алдын ала берілген диагностикалық қорытындыны растау үшін аталған әдістеменің көмегі арқылы қайта тексеру жүргізіледі. Тексерулер арасындағы уақыт аралығы бір сағаттан кем болмауы керек.

Суицидалды пікірлерді қайта тексеру кезінде анықталған жауаптардың сәйкестігі (үштен аса) суицидалды мінез-құлықтың дамуын (немесе дамымауы) сипаттайтын баға беруге мүмкіндік береді. Ол үшін 1-ден 9-ға дейінгі тоғыз балды шкала қолданылады. Әрбір анықталған суицидалды пікірге бағалау шкаласының бір мәні беріледі. Сараланған суицидалды пікір көп болған сайын, соншалық баға көп мән береді.

Мысалы 1. 1) «Мені ешкім жақсы көрмейді»; 2) «Маған бәрі қарсы»; 3) «Бұның бәріне төзуге күшім жоқ»; 4) «Мен ешкімге керек емеспін»; 5) «Істегім келмейді. Өзімді жаман күйде сезініп отырмын»; 6) «Менің төзімім бітті»; 7) Алдым қара түнек (тыныштық, ақыры, өлім).

Мысал 2. 1) «Мен бұдан шаршадым»; 2) «Менің жағдайым жаман болғанда, «Сидоровты» өлтіріп тастағым келеді»; 3) «Менің онда барғым, оралғым (мектепке, үйге) келмейді»; 4) «Менің өмірім – бұл тозақ»; 5) «Менің көңіл-күйім өте нашар»; 6) «Менің төзімім таусылды»; 7) «Мені алда еш жақсылық күтпейді».

Сондай-ақ, көрсетілген көптеген пікірлер дәрекі болуы мүмкін екендігін ескеру қажет. Оларды да аутоагрессивті, суицидалды ұғымдардың бар-жоқтығына талдау қажет.

Суицидалды мінез-құлық анықталған жағдайда аталған қорытындыны шығаруға қолданылған әдістерді көрсете отырып (тест "НСВ-10") мінез-құлықтың байқалғандығы туралы сәйкес қорытынды құрылады, сондай-ақ, зерттелушіге тікелей жауапты мұғалімдер, психологтар, әлеуметтік педагогтарға психолого-педагогикалық шаралар бойынша ұсыныстар беріледі. Оның мәнісі баланың суицидке деген ұмтылысын болдырмау, өмірін сақтауға әсер ететін шаралар мен психолого-педагогикалық түзету әдістерін қолданудан құрылуына болады.

Сәлеметсің бе, Жас дос!

Нұсқаулық: Берілген сөз тіркестері аяқталмаған ой. Сөз тіркесін жалғастыру кезінде дұрыс не бұрыс жауап болмайтындығын есіннен шығармай, сөйлемдерді жалғастыр.

Аты-жөнің:

Сыныбың:

№ Сөйлемді жалғастыр

1 Ешкім _____

2 Бәрі қарсы _____

3 Жоқ _____

4 Мен _____

5 Маған ұнамайды _____

6	Ешқанша	
7	Өрқанша	8
	Бәрі	
9	Бұл	

Сөйлемді жалғастыр, айтылғанды қайталау міндетті емес.

1	Көбісі мені	
2	Бәрі маған	
3	Күш бар	
4	Мен көбіне	
5	Маған	
6	Жні	
7	Үнемі	
8	Бәрі	
9	Бұл	

Өзіңіздің қалауыңыз бойынша жазыңыз.

1	Мені мезі етті	
2	Маған қиын болған кезде мен	
3	Мен қаламаймын	
4	Менің өмірім -	
5	Менің хәл-күйім	
6	Менің шыдамым	
7	Менің алдымда	

Инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту- адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қалыпты балалармен бірге оқыту. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне, әлеуметтік жағдайы мен физиологиялық жағдайына қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері - жалпы орта мектептерде мүмкіндігі шектеулі, ерекше білімді қажет ететін балаларды дені сау балалармен бірге оқыту;

барлық балаға бірдей қарым-қатынас;

Балалар арасында дискриминация болдырмау;

- арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арнайы жағдай жасау

Нейрогимнастика – бұл ми жаттығуы.

Біз күнделікті өмірде қол-аяғымызды сермеп, қарапайым дене жаттығуларын жасаймыз.

Біраз уақыт белсенді қозғалыс болмаса, денеміз құрысып-тырысып қалады. Дәл сол сияқты, миды да белсенді «қозғалтып», жақсы жұмыс істеуі үшін қарапайым ми жаттығуларын жасап тұрған абзал.

Осыны балаға жақсылап түсіндіріп, бірге гимнастика жасауды қолға алсаңыз болады.

Ата-аналармен, оқушылармен «Буллинг, Кибербуллинг» тақырыбында кездесу өткізілді.

Мақсаты: ата-аналарға буллинг, кибербуллинг түсінігі туралы ақпарат

берілді. Буллингке ұшырамау жолдары, қарым-қатынас түрлері айтылды.

Үлгерімі төмен оқушылармен еске сақтауды, ойлауды, қиялды, зейінді дамыту сабақтары жүргізілді. Сонымен қатар ұжымның ұйымшылдығын дамытуға, сыныптағы оқшау, тұйық балаларды ашуға, мазасыздықты басуға арналған тренингтер жүргізілді. Педагогтар мен сынып жетекшілерге жекелеген оқушылар туралы ақпарат, ұсыныстар берілді.

Психологиялық дамыту-түзету жұмыстары

Әрбір зерттелінген жұмыстардан кейін қорытынды бойынша оқушылар мен сынып жетекшілермен кезігіп әңгіме жүргізіліп, ұсыныстар, кеңестер беріліп, түзету жолдары ұсынылып отырды.

Психологиялық кеңес жүргізу. Педагогтар, оқушы, ата-ана тарапынан жеке сұрақтарға психологиялық кеңестер берілді. Емтихан, олимпиада кезеңі-жауапты, әрі жан толқынысы, мазасыздық пен көңіл - күй тербелісі, мінездің көрінетін кезеңі болғандықтан оқушыларды емтиханға даярлау үшін аутотренингтер мен әңгіме, психологиялық кеңестер жүргізіліп тұрады. Психолог кабинетіне ата-аналар, оқушылар, педагогтар өздерін мазалап жүрген сұрақтары бойынша, құрбыларымен қарым – қатынастарына байланысты, мамандық таңдауға байланысты т.б. мәселелерімен психологиялық кеңес алуға келіп отырады.

Әдістемелік іс-әрекетінің есебі . Әдістемелік қызмет оқу жылының басынан бастап, жыл бойы жұмыс жоспарына сай іске асырылды.

Оқушыларға, олардың ата-аналарына, сонымен қатар педагогтар мен сынып жетекшілерге таралымдар әзірленіп, психологиялық ұсыныстар беріліп отырды. берілді.

Қорытынды

Қазіргі таңда жаңа қоғам қоғамдық өмірдің модернизациясымен шартталған құндылықтар жүйесінің түбегейлі өзгерісін бастан кешуде. Бұл адамзаттың дамуына, еліміздің, жалпы қоғамның дамуына ықпал етеді. Өскелең ұрпақ салыстырмалы түрде алғанда әр түрлі атаулы топтардың арбауына оңай түсетін өзіндік құндылықтары бар категорияға жатады.

Қорытындылар мен ұсыныстар.

1. Сынып жетекшілерге – ұйымшыл, достық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған сынып сағаттарын, ата-аналармен біріккен іс-шаралар сағатын көбейту.
2. 5-8-сыныптармен әрекеттесетін пән мұғалімдеріне – оқушымен олардың сынып жетекшілерімен, ата-аналарымен жұмыстарын келісіп жүргізсе. Сонымен қатар баламен әрекеттесу барысында оның жас ерекшелігін ескерілсе;

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе «Тегін тамақ ұйымдастыру жұмыстарына, тамақтың сапасына жүргізілген бақылау жұмысы туралы» мектептің әлеуметтік педагогы Р.Кемалова хабарлама жасады.

Организмнің қалыпты тіршілігі үшін тамақ керек екенін әрбір адамзат баласы біледі. Адам организмне әр уақытта да органикалық зат және энергия алмасу болып отырады. Организмге керекті энергия мен құрылыс материалдарының көзі болып тамақпен бірге айналаны қоршаған сыртқы табиғи ортадан түсетін түрлі қоректік заттар жатады. Егер ағзаға тамақ түспесе адам ашығады. Осы аштықтың өзі адамға, оның организмне қандай қоректік зат керектігін және оның мөлшерін айта алмайды. Біз күнделікті тұрмыста тәтті және тез дайындалатын тағамдарды пайдаланамыз, бірақ осы пайдаланған тамақтың пайдалылығы, қауіпсіздігі туралы ойланып қоймаймыз.

Дәрігерлердің айтуынша адамдардың денсаулығын сақтау, ересек адамдардың жұмыс істеу қабілеттілігін күшейту, ал балалардың организмнің дамуы мен өсуіне өте қажетті жағдай, ол тиімді тамақтану болып табылады.

Қалыпты өсіп даму, үшін және тіршілігін қолдау үшін оған белок, майлар, көмірсулар, витаминдер және минералды тұздар керек.

Адамның дені сау болу үшін қырыққа жуық әр түрлі қоректік заттар керек. Оларға витаминдер, минералды тұздар, аминқышқылдары, негізгі май қышқылдары (өсімдік, жануар майлары) және энергия көздері (көмірсудан, белок пен майлардан алынатын калориялар). Міне, осы қоректік заттар күнделікті біз пайдаланып жүрген тамақтың құрамында болуы керек.

Көптеген тамақтың құрамында бірнеше қоректік заттар бар. Мысалы, сүттің құрамында басқа қоректік заттармен қатар белок, май, кант, рибофлавин және де басқа витаминдердің В группасы, А витамин, кальций мен фосфор бар.

Құрамында барлық қоректік заты бар тамақ кездеспейді. Сүттің құрамында мысалы, С витамині жетіспейді. Сондықтан да әр уақытта әр түрлі тамақты жеу керек.

Тамақ әр түрлі болса денсаулыққа қажетті қоректік затпен организм толық қамтамасыз етіледі. Сондықтан да күн сайынғы тамақ рационнда жеміс – жидек, көкөніс, нан және астық тұқымдас өсімдіктердің өнімдері, ет, құс еті, жұмыртқа мен балық, кепкен бұршақ пен атбас бұршақ: қытай бұршағы, үрме бұршақ, жасымық сияқты өсімдік белогына бай заттар және сүт, ірімшік пен йогурт болуы керек.

Жеміс-жидек пен көкөністер әсіресе С мен А витаминдерінің көзі болып табылады. Нан тағамдарында В витамині, темір бар және ол энергия көзі болып есептеледі. Еттің құрамында белок, май, темір және көптеген тиамин мен В₁₂ витамині сияқты витаминдер бар.

Баланың денсаулығына пайдасы бар осындай тағамдар біздің мектебінде де күнделікті беріліп тұр.

2023 – 2024 оқу жылында жалпыға бірдей білім беру қорының есебінен мектебізде 163- ерекшелік бойынша 82 оқушы, 159 ерекшелік бойынша 56 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылып отыр. Яғни барлық оқушылардың 60 пайызы ыстық тамақпен қамтылып отыр. Оқу жылының басында екі комиссия да құрылды. 1.Мониторинг жүргізу, 2.Бракираж комиссиясы.

Бұл жерде бракираж комиссия тамақтың сапасын күнделікті тексеріп тұрса, мониторинг комиссия 1 айда 2 рет тамақтың сапасын, асхананың, қойманың тазалығын тексереді. Медциналық қызметкер Сансызбаева Назым тамақтың сапасын күнделікті тексеріп тұр, оны өзім қадағалап тұрамын.

Мониторинг комиссия да асхананың тазалығын, тамақтың сапасын тексеріп тұрады. Оның ішінде өзім де бармын. Тамақ менюге сәйкес, сапалы, дәмді етіп жасап беріліп тұр.

№2 Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 2023-2024 оқу жылының I оқу тоқсанының қорытындысын басшылыққа ала отырып, жіберілген кемшіліктермен жұмыс жасалсын.
2. I сынып оқушылары бірінші жартыжылдық аяқталған соң «Әліппені» толық оқып аяқтайды. Сол себепті I сыныпқа 2024 жылдың қаңтар айының соңғы онкүндігінде тақырыптық бақылау (әріптердің басын қосып оқу) бақылансын.
3. ББЖМ бақылауына қатысатын 4, 9 сынып оқушыларына сабақ беретін пән мұғалімдерін жүйелі түрде аптасына I рет дайындық жүргізуге, оқушыларды психологиялық тұрғыда дайындауға арнайы жұмыс жоспарын 2023 жылдың 3 қарашасына дейін бекітілсін;
4. 5 сыныптар бойынша эссе жазудан қиындық келтіретін оқушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру пән мұғалімі С:Сүйінтайға жүктелсін. 2023 – 2024 оқу жылының сағат бөлінісі №1 қосымшаға сай бекітілсін.
5. Оқушылардың бастауыш сыныптан негізгі сыныпқа үйренісуін бақылау, мектеп психологы С.Айғабылға жүктелсін
6. 11 сынып оқушыларының Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындық жұмыстары күшейтілсін.
7. «Остади» оқу орталығымен және ата-аналармен келісе отырып, ай сайын сынама тесттер алынсын. Алынған қорытындыны педагогикалық кеңеске ұсыну мектеп директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары А.Ағыбайдан сұралсын.
8. Оқушылардың кәсіби бағдарға байланысты жоспар бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстары өз жалғасын тапсын.
9. Мектептегі «психологиялық ахуалды» қалыпты жағдайда ұстауға арналған жұмыстар жандандырылысын.
10. Психологиялық диагностика, психологиялық профилактика, дамыту-түзету және кеңес беру жұмыстары жоспарға сай өз жалғасын тапсын.
11. Оқушылар арасында суицидтің алдын алу бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстардың жүйелі жүргізілу мен қорытындысы туралы мектеп психологы С.Айғабылдан сұралсын.
12. Буллинг, кибербуллингке байланысты шаралар әрбір сыныпта оқушылармен және ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілерге міндеттелсін. Атқарылған жұмыстардың қорытындысын баяндау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Нурмағамбетовадан сұралсын.

13. Инклюзивті білім беруге жататын оқушылармен арнайы жұмыстар және оқушылар арасындағы дискриминация болдырмау мақсатындағы жұмыстар барлық пән мұғалімдеріне міндеттелінсін.
14. Балаларға берілетін бір мезгіл ыстық тамақтың берілуін бракираж комиссиясы күнделікті бақылауға алсын.
15. Ыстық тамақтың берілуін, асхана тазалығын, қоймадағы заттардың сақталуын бақылау мақсатындағы мониторингтік комиссия апта сайын жұмыс жүргізсін.
16. Балаларға берілетін ыстық тамақтың жәй-күйі күнделікті бақылап, мектеп басшылығына хабарлап отыру мектептің әлеуметтік педагогы Р.Кемаловадан сұралсын.

Педагогикалық кеңестің төрағасы:



[Signature]

Г.Бақытбергенов

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

[Signature]

Ж.Жүніс